

Дипломдық жұмыс стандарттары

Орындаған: Насанова М.А.

Тобы: 12-002-01

Факультет: ҚДС

Қабылдаған: Дәрмен Н.Ж.

Жоспары:



- I. Дипломдық жұмыс туралы жалпы түсінік
- II. Диплом жұмысын жазудың мақсаттары
- III. Диплом жазу алгоритмі
- IV. Дипломдық жұмыстың бөлімдеріне қойылатын талаптар
- V. Дипломдық жұмысты рәсімдеу ережелері
- VI. Қорытынды

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС:

? Диплом жұмысы – бұл студенттің кешенді дербес жұмысы, басты мақсаты және мазмұны болып мамандық профилі бойынша кейбір өзекті міндеттер мен сұрақтарды теория тұрғысынан, сол сияқты қолданбалы симпатта жасау және зерттеу, жан жақты талдау болып табылады.



Диплом жұмысын жазудың мақсаттарына мыналар

жатқызылады

мамандық бойынша
алған теориялық
білімдерін
толықтыру, арттыру,
сондай-ақ осы
білімдерін
шаруашылық
субъектінің қызметін
басқарушылық және
қаржылық талдауда,
аудиторлық тексеруде
және есепті
ұйымдастыру
барысында нақты
тапсырмаларды
шешуде қолдану

өзбетілік жұмысты
жүргізу қабілеттілігін
арттыру және диплом
жұмысын орындау
барысында
қарастырылатын
сұрақтар мен
мәселелерді шешуде
қажетті зерттеу
әдістемелерін игеру

нарықтық экономика
жағдайында
студенттің өзбетілік
жұмысқа дайындығын
айқындау

Кез-келген дипломдық жұмыстар келесі алгоритм бойынша жазылады:

Жұмыстың тақырыбының таңдалуы және оның не үшін таңдалғанына түсініктеме;

Іздеу және әдебиетті оқу, сол тақырыпты ашу бойынша

Алдын-ала жобаны дайындау және бекіту;

Жұмыстың негізгі бөлігін жазу;

Қорытындыны жазу, мазмұнды құру;

Қолданылған әдебиеттердің тізімін, қосымшаларды толтыру;

Әдістемелік нұсқау бойынша жұмысты даярлау;

Жұмыс жетекшісіне жұмыстық таза беттерін тексерту;

Қорғалатын дипломдық жұмыстың рецензиясын тапсыру

Дипломның беттері келесідей болып біріктіріледі:



- ? Титулдық парақ
- ? Ғылыми жетекшінің пікірі
- ? Рецензия
- ? Дипломның аннотациясы (реферат)
- ? Дипломның мазмұны.
- ? Қорытынды
- ? Қолданылған әдебиеттер
- ? Қосымшалар

Диплом жұмыстың жазылу барысына қойылатын талаптар:

- ? Тағайындалған ғылыми жетекші диплом жұмысының жазылу барысында тікелей басшылық жасап және оның тұрақты түрде орындалуы мен дайындалуын бақылап отырады. Диплом жазушы студент ғылыми жетекшісіне диплом жұмысының орындалуы барысы туралы белгіленген уақыт аралығында есеп беріп отырады.
- ? Ғылыми жетекші диплом жазушыға диплом жұмысының мазмұны бойынша және жұмысты сапалы орындау (оформление) туралы кеңес береді. Сондай - ақ кафедра отырысында диплом жұмысының жазылу барысы туралы кафедра мүшелері алдында ақпарат беріп отыруы тиіс.
- ? Диплом жұмысы мазмұнының негізгі болып, тандалынып алынған тақырыпты зерттеу бойынша сұрақтарды оқып білудің нәтижесі саналынады. Жалпы материалдар қысқаша баяндалып жақсы редакцияланған және жеңіл оқылатындай болуы қажет. Сөздердің және атаулардың қысқартылуына жол берілмейді.
- ? Кез келген диплом жұмысы үшін міндетті болып табылатын құжаттар, регистрлер және диаграммалар қосымшада көрсету қажет. Жұмыстың мәтінінде қажет жағдайда олардың бөліктері көрсетілуі мүмкін. Сандық мәліметтер кесте арқылы көрініс табуы керек

Кіріспе бөлімі:

Кіріспеде тақырыпты таңдауы, оның ғылыми және тәжірибе жағынан көкейтестісі, диплом жұмысының мақсаттары және міндеттері, зерттеудің пәні, ақпарат көздері дәлелденеді. Осында қазіргі жағдайдағы бухгалтерлік есеп және аудиттің мәні көрсетіледі (3-5 бет). Диплом жұмысының бірінші бөлімі зерттелінетін тақырыптың теориялық және ғылыми негіздерінің қазіргі жағдайы ашып көрсетіледі (20-25 бет).

Диплом жұмысының тақырыбын теориялық дәлелдеуді төмендегідей бағытта ашу ұсынылады - Бірінші бөлімі:

Зерттелетін тақырыптың қазіргі жағдайы. Белгілі бір белгілері бойынша зерттелетін тақырыптар классификациясы.

Таңдалған тақырыпты талдау және зерделеу кезінде қолданылатын бағалау көрсеткіштері.

Зерттелетін проблемалар бойынша әлемдік тәжірибеде жинақталған прогрессивті тәжірибелер.

Екінші бөлім:

? Екінші (аналитической) бөлімде адыңғы талдау әдістемесі бөліміндегі □ дәлелдеме негізінде зерттеу әдістемесіне тән проблема жағдайы зерттеледі (банкке, кәсіпорынға, зейнетақы қорына және т.б.). Талдау үшін материалдар болып өндірістік және диплом алдындағы әс- тәжірибені өту уақытында студент-диплом жазушымен зерделенген жұмыс жоспары, жылдық есеп, статисткалық есеп және басқа да қызметтік ақпарат табылады. Дәлелдеу және талдау үшін қызмет атқаратын, материалдар шынайы және толық болуы керек, себебі соған сүйене отырып істің жағдайын талдауға, резервтерді ашу және олардың қолданылуының жолдарын көрсетуге , сонымен қатар жұмыстағы ашылған кемшіліктерді жоюға болады. Жұмыс процесінде қолданылатын мәліметтерді ғана тандап алып, қажетсіздерін алып тастау керек. болады. Жиналған материалдар көлемі және сипаты қабылданған зерттеу әдістемесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Диплом жұмысын

- ? **безендендіру:**
Диплом жұмысы №1-05/516 29.12.2002 ж. Іске енгізілген және бекітілген СТП-СК-03-02 сәйкес рәсімделу қажет:

Диплом жұмысына:

- ? титулдық бет (МАК хатшысымен беріледі);
- ? жұмысты орындауға тапсырма (МАК хатшысымен беріледі);
- ? қазақ, шетел, орыс тілдеріндегі аңдатпа;
- ? мазмұны;
- ? шартты белгілердің тізімі;
- ? кіріспе;
- ? үш бөлімнен тұратын негізгі бөлім;
- ? қорытынды;
- ? қолданылған әдебиеттер тізімі;
- ? қосымшалар кіреді.

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

- ? Диплом жұмысы бір ғана дана болып дайындалады және қалың қапты қолдану арқылы түптелуі керек. Диплом жұмысының мәтіні оқылған және редактілік өңдеуден өткен болуы керек. Диплом жұмысының жалпы көлемі 60- 90(қосымшаны қоспағанда) беттен аз емес көлемде құрылуы керек. Қосымша диплом жұмысының жалпы көлеміне қосылмайды және нөмірленбейді. Дипломдық жұмыс компьютер және принтер көмегімен А4 форматты ақ қағаз бетінің бір жағында жасалуы тиіс. (210x297). А3 форматты бетіне кесте мен суреттер сызуға рұқсат беріледі. Шрифт Times New Roman – 14 пт. жоларалық интервал арқылы. Мәтіндегі абзац 12,5 мм-ге тең болуы керек. Тексті түзеу автоматтық тасымал жасау функциясын қолданумен беттің көлденеңінен жүргізіледі. Дипломдық жұмыстың мәтінін компьютермен келесідей жазу өлшемін сақтап басу керек: оң жағы – 10мм, үсті және асты – 20мм, сол жағы – 30мм. Диплом жұмысын орындаған кезде біркелкі қалыңдығын, контрастілік және анық көрінуді сақтау керек. Жұмыста нақты, бұлдырланбаған сызықтар, әріптер, цифрлар, белгілер болуы керек. Мәтіндік құжаттар беттерінің бұзылмауы, былғанбаған, және алдыңғы мәтіннің жолымен араласып кетпеген, іздері болмауы тиіс. Тек, мекеме, ұйым, фирма атаулары, бұйымдардың аты және жұмыста жеке меншік аттары түп нұсқа тілінде беріледі.



? Мазмұның құрастырғанда бөлімдер, қосымшалар аттары беріледі және олардың басталатын беттерінің нөмері көрсетіледі. Текстік құжаттарды және графикалық бөлімін орындау және рәсімдеу ережелерін «Текстік құжаттарына жалпы талаптар» қараңыз. МАК отырысынан 10 күнінен кешікпей студент ғылыми жетекшісі қол қойған диплом жұмысын кафедраға нормобақылауға, кафедра меңгерушісі бекіту үшін тапсырылады және рецензияға жіберіледі

Диплом жұмысын қорғауға ұсыну талаптары:

-тақырыптың актуалдығын

-жұмыстың жақсы жақтарын, кемшіліктерін және пікір таластыратын мәселелерін;

- ұсыныстар мен қорытындылардың дұрыстығы және олардың дәлелділігі;

-зерттеу жүргізілген субъекті үшін диплом жұмысының бағалығы (қажетгілігі, пайдалығы), жұмысты орындалу сапасы;


-студенттің жоғары оқу орнында алған теориялық білімін тәжірибеде, яғни мәселелерді шешуде қолдана алуы;

-жұмыстың жалпы бағасы (үздік, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанғысыз)

? Рецензияның соңында рецензия жазушы өз қолын қояды. Онда рецензия жазушының жұмыс істейтін жері, лауазымы және рецензия жазған уақыт (күні, айы, жылы) жазылады. Диплом жұмысы мен рецензияны қоса, рецензия жазушы кафедраға тапсырады. Мемлекеттік аттестациялық комиссиясының (МАК) мәжілісіне дейін, ғылыми жетекші және студент рецензия мазмұнымен танысады



Интегралды түрде бұл негізгі көрсеткіштер төмендегілерге саяды

- ? : – әр түрлі көзқарастарды есепке ала отырып әр түрлі аналитикалық 7 міндеттердің ең рационалды нұсқаларын таңдау және логикалық ойлау; 
- ? – тақырыпты нақты құрастыру және оның өзектілігінің дәрежесін бағалау;
- ? – алдыға қойылған міндеттердің шешімінің таңдалған әдісін дәлелдеу;
- ? – көздермен және әдебиеттермен және басқа да ақпараттық-анықтамалық материалдармен дербес жұмыс жасау;
- ? – олардың теориялық талдауын жасау;
- ? – қажетті фактілерді, сандық мәліметтерді және басқа да мәліметтерді таңдау, оларды түсіндіру және талдау, сонымен қатар оларды сызба немесе басқа да суреттер нысанында көрсету;
- ? – дәлелденген қорытындылар жасау, жұмысының ғылыми нәтижесін құрастыру және тәжірибелік ұсыныстар жасау;
- ? – әдеби тілмен өз ойын сауатты түрде жеткізу, жұмысты дұрыс рәсімдеу керек
- ? ; – қазіргі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы алынған нәтижелермен презентация өткізу.

Диплом жұмысы ғылыми жетекшісінің міндеттері:

- ? - бітіру жұмысын дайындау процесінде студент-диплом жазушыға ғылыми, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету;
- ? - студентке тақырып таңдауда және диплом жұмысын жүйелеуде, сонымен қатар қолданыстағы «Әдістемелік нұсқаулар» жеке жағдайларын қажет болғанда түсіндіру»;
- ? - диплом жұмысын орындауға тапсырма береді;
- ? - бітірушімен бірге диплом жұмысын орындаудың барлық кезеңіне (ҚОСЫМША Г) жоспар-кесте құрады;
- ? - тақырып бойынша әдебиеттер және қажетті көздерді іздеу бағытына студенттерді бейімдейді, талдау жүргізу әдістемесін таңдауда (зерттеу, жасау, т.б.) көмек көрсетеді;
- ? - студент-диплом жазушыға жүйелі түрде кеңес беріп отырады, дайындаудың барлық кезеңдерінде және диплом жұмысын жазу және оны 11 қорғауға дейін бақылау жасап отырады. Студент-диплом жазушы жетекші алдында тапсырманы орындағаны туралы айына екі реттен кем емес есеп беріп отырады.
- ? - баяндама жасауға дайындыққа және МАК отырысында оның қорғауы барысында жұмысты презентациялауға қажетті көмек көрсетеді;
- ? - қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс туралы жазбаша пікір береді.

Қорытынды:

Жұмыста көрініс тапқан қорытындылар мен ұсыныстардың жинақталған және бір - бірімен байланысты көрінісінен құралуы тиіс